



Мұрат САБИР,
профессор, филология
ғылымдарының докторы



Қажым

мұрағатының

шырақшысы

«Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» деген сөзге сүйенсек, жақсы ұстаздың алдын көрген, жақсылардың артына ерген жігіттер де жаман болмайды. Академик Зейнолла Қабдоловтың қасына ерген кісіге қанат бітеді деген сөз бар Алматының ғылыми қауымының ортасында, ал Ақ Жайықта сол Қабдоловтың шәкірті профессор С. Шарабасовтың қасына ерген, шәкірт болып дәрісін тыңдаған шәкірттердің де арманы асқақ, мақсаты айқын, табанының бүрі бар, ұлтжанды болып келеді. Ұлағатты ұстаз Шарабасовтың шекпенінен шыққан шәкірттердің бірі – Азамат Мамыров.

Сырда туып, Ақ Жайықта арман құған Азамат Ыбырайұлы 1992 жылы А. Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтын қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша бітіріп, сол жылы қызметке ҚР Оқу министрлігінің арнайы жолдамасымен Қазақ әдебиеті кафедрасына оқытушылық қызметке қалдырылды. Ол тұста қазақ әдебиеті кафедрасында профессорлар М. Тлеужанов, Қ. Мырзағалиев сияқты мықтылар мен көненің көзі С. Ақмурзин де жұмыс істеді. Тіпті ғұлама Ф. Әбуханов та сексеннің сегізінше шықса да, кафедраның мәжілістеріне, мемлекеттік емтихандарына қатысып тұратын. Бір-біреуі тұтас ғылыми мектеп болатын осындай ғалымдармен бір ұжымда жұмыс жасау сөз жоқ, жас маманға қанат бітірді, жігеріне жігер қосты.

Тәуелсіздіктің алғашқы он жылдығы республикадағы байырғы оқу орны А. Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының шын мәнінде өрлеу жылдары болды. Институт басшылығына ректор болып профессор Т. Рысбековтың келуімен жоғары оқу орны жаңа бағытқа өзгерді. Ғылымға даңғыл жол ашылды. Кадр дайындау мәселесі қолға алынып, мамандар кезек кезегімен ғылыми тағылымдамаға, аспирантураға жіберілді. Институт университетке айналды. Арманы асқақ Азамат Ыбырайұлы да профессор С. Шарабасовтың батасын алып, қара шаңырақ әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аспирантурасына түсті. 2006 жылы филология ғылым-

дарының докторы, профессор З. Бисенғалиевтің жетекшілігімен «Қажым Жұмалиев – эпостық жанрдың түрлерін зерттеуші» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады. Осындай ұлағатты ұстаздардың, ғұлама ғалымдардың тәлім тәрбиесін көрген Азамат Ыбырайұлы адал жолдан айнымай бүгінде Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінде ғылыми-педагогикалық қызметін жалғастырып келеді.

Қажымтану – ғалымның жанына серік болған басты тақырыбы. Тіпті республикадағы бірден-бір қажымтанушы осы біздің – Азамат. Сұңғыла ғалым З. Бисенғалиев те «Қажымға бару – бұл күллі қазақ әдебиетінің тарихына бару, бұл тақырып саған өмір бойы азық болады» депті. Шынында да, артына телегей теңіз мұра қалдырған, қазақ филологиясындағы тұңғыш ғылым кандидаты, тұңғыш докторы, алғашқы академиктердің бірі, жазушы Қажым Жұмалиевтің жарияланған және жарияланбаған жазбаларын түгендеп, Тәуелсіз Қазақстан жағдайында еркін, азат ойдың талқысына салып, қайта зерделеу қажырлы еңбекті талап етеді. Қазақ ұлтының жоғалтқаны көп. Тәуелсіздіктің арқасында жоқ іздеген жоқшыға айналып, рухани дүниемізді түгендеудеміз. Тұлғатанудың қиын да, қызық жолына түскен Азамат та іргелі істердің қозғаушысы боп, қайраткерлік көрсетіп жүр.

Осындай іргелі істің басы 2010 жылы «Ақ Жайық қаламгерлер кітапханасы» сериясы бойынша Қ. Жұмалиевтің әр жылдары жарияланған еңбектерін

түгендеп, 7 том етіп жариялауы еді. Бұл Қажым дүниеден өткелі 42 жылдан кейін шығармаларының қайта басылып жарық көруі болды. Атақты физик А. Эйнштейн «ғылымнан нәтиже шығару бір шөмеле шөптің ішінен ине іздегенмен бірдей, біреулер бір ине тапса, маз болып, тоқмейілісіп қалады, ал мен екінші, тіпті қажет болса, үшінші инені де табамын» деген екен. Азамат Ыбырайұлы да Қажымтану барысында талмай іздену үстінде. Себебі Қажымтануда әлі де ғылыми айналымға түспеген, кер заманда айтылмаған, бағасы толық берілмеген, нұқтасы шешілмеген дүниелер бар. Ғалым Қажымның бүгінгі ұрпақтарымен тығыз қарым-қатынас орнатып, соның нәтижесінде 2017 жылы «Академик Қажым Жұмалиев архивінен» деген көлемді кітап шығарды. Кітаптың құндылығы – Қажымның жеке архивінен алынған жазбалардың енгендігі. Бұл сирек жәдігерліктің бір парасы ғана. Қажым жазбаларына қарап отырып, бүгінгі қазақ әдебиетінде орныққан кейбір жырлардың, мәліметтердің әлі де шикілеу екенін немесе Кеңес заманының талабына қарай бұрмаланғанын ғалым ашып көрсетеді. Мәселен, Асан қайғыға қатысты архив материалдарындағы «Ей хан ием...» өлеңінде «Еділ, Жайық орыс жүр» тармағы күні бүгінге дейін қалыс қалып келе жатқанын ескертеді. Қажым Жұмалиев Нысанбай жыраудың «Кенесары-Наурызбай» дастанының 1875 жылы басылған нұсқасын талдаған екен. Ал қазіргі әдебиет тарихында 1912 жылғы Қазан нұсқасы, Х. Досмұханбетов 1923 жылғы құрастырған Ташкент нұсқасы айтылып жүр. Қажымның архивінде жыр «Кешегі өткен Кенек» деп құрметпен басталады. Ал қазіргі жинақтардағы нұсқада Кенесары мен Наурызбай соғысқұмар, бұзақы сипатта

жырланады. Бұл да заманның ағымына қарай дастанның қолдан өзгеріске ұшырағаны болса керек. Ғалым «Тарихи жырдағы тарихи шындықтың көркемдікпен берілуі Қажым Жұмалиев архивінен алынған 1875 жылы «Орыс географиялық обществосының Орынбор бөлімінде» басылған варианты деп білеміз», – дейді.

Қажым Жұмалиевтің «XVIII-XIX ғғ. Қазақ әдебиеті тарихы», «Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі» атты ғылыми еңбектерімен қатар елге кең тараған, жалпы қауым ықыласпен қабылдаған көркем туындысы 1969 жылы 37000 данамен жарияланған «Жайсаң жандар» кітабы. Қажымның шәкірті Мекерия Атымов «Қажым Жұмалиевтің «Жайсаң жандар» кітабын ұстаздар жөніндегі толғау десе де болғандай.

Өйткені бұл кітапқа енген қай әңгімені алмаңыз, бәрі де жастарға тәлім-тәрбие берген, өлең мен өнегелі сөз үйреткен ақыл иесі ағалар...» деп баға берді. Иә, осы дүниеге де маз болып жүр едік, Азамат Ыбырайұлы жаңа мәлімет ұсынды. Қажымның жеке архивінен «Жайсаңдары қазақтың» деген папканы тапты. Ол «Жайсаң жандардың» жарияланбаған жалғасы ма деп қалдым. Қарасы қалың көрінген папканың бірінші бетінде «Қ. Жұмалиев. Жайсаңдары қазақтың. «Жазушы» баспасы, Алматы – 1968» деген жазу бар» екен дейді. Ғалым зерделей келе, бұл кітаптың «Жайсаң жандардың» толық нұсқасы екенін анықтады. Оқырманға кезінде кең тараған «Жайсаң жандарда» көптеген әңгіме қысқартылып, тіпті тұтас бір бөлім еңбей қалыпты. Кеңестік қырағы цензураға «Жайсаңдары қазақтың» деген атау да ұнамаған

болуы керек. Азамат Ыбырайұлы «Қазақ зиялыларының адами болмысын, қайраткерлігін танытатын кітаптың бұлай аталуының өзі орынды, әрі үлкен мәнге ие» деп тұжырымдайды. Дегенмен ұлтық МЕН-нен сақтанған кеңестік саясат өткізбегені белгілі.

А. Мамыров мәтінтану бағытында терең зерттеу, талдай жасай отырып, Қ. Жұмалиевтің «Жайсаңдары қазақтың» кітабын 2019 жылы жарыққа шығарды. Бұл – шын мәнінде, «Рухани жаңғыру» аясындағы келелі еңбек. Қазақ руханиятына қосылған олжа десе болады. Кітаптың соңында текстологиялық талдаулар ұсынылған. Мәселен, «Жайсаң жандардағы» «Бір сырлы, сегіз қырлы» әңгімесінде Қажым Жұмалиев өзінің ұстазы Сәкен Сейфуллинді жігіттің сұлтаны, парасатты педагог, ардақты аға ретінде сипаттаған. Сәкентанудың да басы осы Қажымнан басталады. Ғалым осы әңгімені түпнұсқамен салыстыра келіп, 553 сөздің кесіліп қалғанын анықтады. Қай әңгімені алсақ та, осындай қысқартулар бар екен. Зерттеуші мәтінтанудың әдемі үлгісін көрсете білген.

Біз мақаламызда Азамат Ыбырайұлының ғылыми жұмыстарының бір парасын ғана айтып отырмыз. Ол – XIX-XX ғасырлардағы қазақ әдебиеттану ғылымы мәселелері бойынша бірнеше монография мен оқу құралдарының, мақалалардың авторы. Ғылыми-педагогикалық еңбегі де елеусіз емес. «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісінің иегері. Данағей ақын Қадыр ағамыздың «Нең кетеді жақсы десең жақсыны, нең кетеді дұрыс десең дұрысын» деген ақылман өлең жолдары бар. Азамат Ыбырайұлы Мамыров та – ұлтқа қызмет етіп жүрген, қазақ әдебиеттану ғылымында өзіндік қолтаңбасы қалыптасқан қазақтың жайсаңдарының бірі.

“*А. Мамыров мәтінтану бағытында терең зерттеу, талдай жасай отырып, Қ. Жұмалиевтің «Жайсаңдары қазақтың» кітабын 2019 жылы жарыққа шығарды. Бұл – шын мәнінде, «Рухани жаңғыру» аясындағы келелі еңбек. Қазақ руханиятына қосылған олжа десе болады.*”